

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми-Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары =Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука, новой формации - будущее Казахстана. - 2020. - Т.1, Ч.1 - Б.12-15

ЖОҢЫШҚАНЫҢ ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚҚА ЖӘНЕ ТОПЫРАҚТЫҢ ОРТАША СОРТАҢДАНУЫНА ТӨЗІМДІ СОРТТАРЫ МЕН ҮЛГІЛЕРІН ІРІКТЕУ

*Қостақ О., кіші ғылыми қызметкер, магистр,
Махмаджанов С.П., ауыл шаруашылығы даңылдары сорттарын
трансферттеу және бейімдей бөлімінің меңгерушісі, а.ш.ғ.к.
«Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Атакент кенті*

Жоңышқа өсіру – өсімдік тектес малазықтық ақуыз өндірісін арттырудың маңызды жолдарының бірі. Көк шөбі мен шөп ұнының құрамындағы қорытылатын протеин мөлшері бойынша жоңышқа құнарлы азықтар қатарына кіреді. Ақуызынан басқа жоңышқа шөбінде және одан дайындалатын мал азығында малдар мен құстардың барлық түріне қажетті қорытылатын көмірсулар, майлар, дәрумендер мен микроэлементтер бар. Дәстүрлі әдістер мен іріктеулер жеке гендермен емес, кешенді полигендермен бақыланатын сандық белгілер жөнінен өзінің маңызын әлі жоғалтқан жоқ және бүгінгі таңда бұл әдістер өзге әдістердің ішінде жетекші орынды иелейді. Қолда бар селекциялық материалдар негізінде жоңышқаның бағалы шаруашылық-биологиялық белгілері бойынша донор тасымалдаушыларына ие жаңа селекциялық үлгілер мен ұяларын шығаруға болады. Нәтижеде осы зерттеулер аясында сорға және құрғақшылыққа төзімді, өнімділік әлеуеті және белгілер көрсеткіштері жоғары жоңышқа сорттарын шығара аламыз. Азықтық өнім өндірісін арттыру жоңышқаның өнімділігі едәуір жоғары әрі жетілген сорттарын шығару есебінен мүмкін болады. Әрбір топырақ-климаттық аймаққа түрлі жағдайларға бейімделген бір-бірін толықтыратын алуан түрлі сорттар жиынтығы қажет. Осы заманғы ауыл шаруашылығы жемшөп дақылдарының жаңа сорттарына жоғары талаптар қояды. Жаңа сорттардың өнімділігі мен азықтық сапасы жоғары, көпорымды, суғаруды, органикалық және минералды тыңайтқыш енгізуге бейім, аурулар мен зиянкестерге төзімді болуы керек. Жоңышқа сортаңданған топырақтың құрамын жақсартушы қасиетке ие дақыл ретінде маңызы орасан.

Жоңышқаның көпжылдық қызметі: ылғалды стреске тұрақтылық, профильдің тереңінен ылғал алу қабілеті, климатқа бейімделу; топырақтың қасиеттерін жақсарту, жыл бойы жоғары қоректік азық өндіру қабілеті, сондай-ақ оның беріктігі жоңышқаға Жер шарының барлық қалыпты және

субтропикалық климатында "Жем патшайымы" атағына лайық. Өзінің өзденістерінде Joseph G. Voornan жоңышқа-әлемдегі ең ескі азық деп атап көрсетеді [1].

Жобаның мақсаты – Жоңышқаның жоғары өнімді, көпорымды Қазақстанның оңтүстігінің орташа сортаңданған жағдайына бейімделген сорттарын шығару және олардың үлгілерін іріктеу.

Өзектілігі: Бүгінде облысымызда бар, Қазақстанның оңтүстігінің суармалы жерлерінде қолданылып жүрген жоңышқа сорттары қажетті азықтық өнім көлемімен қамтамасыз ете алмайды. Бүгінгі таңда ауыспалы егістің енгізілу деңгейінің төмен болуының, ұсақ шаруашылықтарды ірілендіру мәселесінің, мақта шаруашылығын әртараптандыру қарқыны төмен болуының басты себебі – суармалы жоғары өнімді жоңышқа тұқымдарының болмауы.

Оңтүстіктің суармалы аудандары топырақ, климаттық жағдайлар кешенінің әртүрлілігімен ерекшеленеді және әрбір жекелеген топырақ-климаттық аймақта жергілікті жоңышқа түрлері өсіріп бапталады. Әртүрлі аудандардан алып келінген жоңышқа тұқымдарын салыстырмалы сынақтан өткізгенде, олардың өнімділіктерінде айтарлықтай айырмашылық болғаны анықталды.

Сондықтан аймақтағы мал шаруашылығын дамыту үшін жемшөп қорын жинақтауды арттыру мақсатында суармалы жоңышқаның отандық бәсекеге қабілетті жаңа сорттарын шығару және мақта-жоңышқа ауыспалы егісінде пайдалану міндеті тұр, бұл Қазақстанның оңтүстігінің суармалы аймағы үшін өзекті болып табылады.

Қазақстанның оңтүстігінің суармалы аймағы жағдайында көпорымды жоңышқаға деген сұраныстың артуы генетиктер мен селекционерлердің алдына салмақты міндет жүктейді – өнімділігі мен жапырақтылығы жоғары, құрғақшылыққа және топырақтың орташа сортаңдануына төзімді сорттары бойынша селекциялық жұмыстарда бастапқы материал ретінде пайдаланылатын жоңышқаның едәуір жоғары өнімді, жаңа сорттарын шығару жолдарын табу. Республикамыздағы шитті мақта және мал шаруашылығы өнімдер өндірісінің артуы топырақтың құнарлылығының артуымен және толыққанды жемшөп қорын қалыптастырумен тығыз байланысты. Өнімділігі мен жапырақтылығы жоғары, құрғақшылыққа және топырақтың орташа сортаңдануына төзімді жаңа сорттар шығару бойынша селекциялық жұмыстарда бастапқы материал ретінде пайдаланылатын жоңышқаның едәуір жоғары өнімді, жаңа сорттарын шығару жолдарын табу мақсатында Красноводопад ауылшаруашылығы тәжірибе станциясымен, «Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ҒЗИ» ЖШС және басқа да жақын шет елдің ғылыми мекемелерімен тығыз байланыс орнатылды.

Жоңышқа құрамында ақуыз мөлшері жоғары, дәрумендерге бай құнды жемшөп дақылы. Оны шанақтау кезеңінде құрғақ шөп үшін жинап алғанда шөп құрамындағы протеин мөлшері 21-22%, ал гүлдеу кезеңінде жинағанда - 16-17% болады. Құрғақ шөп құрамында 1,5% шамасында кальций, 0,24% фосфор, 0,18% күкірт, ал 1 кг-ында 0,5 азық өлшемі бар. Жоңышқаның құрғақ

				орымда орт., см			2 орымда	2 орымда
Ташкент- 1-St.	59	177	54	119	65-ші күні ӨЖЖ	1 орымнан кейін 56 күні	309	88,3
M-2415	63	189	60	121			321	91,7
M-2416	56	168	56	121			290	72,5
M-2417	62	186	59	117			329	94,0
M-2418	60	180	52	107			301	86,0
M-2419	57	171	51	120			316	90,3
M-2420	59	177	54	122			302	86,3
M-2421	61	183	53	118			308	88,0
M-2422	57	171	54	100			296	84,6
M-2423	57	173	55	105			291	83,3
M-2424	56	169	53	116			304	86,9
M-2425	62	187	54	119			298	85,1
M-2426	58	174	56	120			312	89,1
M-2427	63	188	57	122			299	85,4
M-2428	66	198	53	121			316	90,3
M-2429	61	185	58	115			319	91,1
M-2430	57	175	52	107			321	91,7
M-2431	55	161	53	112			324	92,6
M-2432	57	172	55	108			322	92,0
M-2433	56	167	56	115			314	89,7
M-2434	58	172	53	124			312	89,1
M-2435	63	189	58	125			321	91,7
M-2436	60	183	53	109			316	90,3
M-2437	64	192	56	125			323	92,3
M-2438	63	190	56	121			320	91,4
M-2439	55	166	54	108			230	65,7
M-2440	62	185	56	110			294	84,0
M-2441	65	194	56	119			315	90,0
M-2442	63	187	58	116			309	88,3
M-2443	64	192	53	122			306	87,4
M-2444	61	181	52	124	290	82,9		
M-2445	63	183	54	126	326	93,1		
M-2446	62	189	55	120	329	94,0		
E=3,1 ц/га; P=3,5 %; M= 87,9 ц/га; ETEA _{0,05} = 2,0								

Көптеген үлгілер жоғары өнімділігін сақтап қалды. Стандарт сортының көк шөп өнімділігі 309 ц/га, құрғақ шөп өнімділігі 88,3 ц/га (2 орым бойынша орташа) болғанда, 20 үлгінің көрсеткіштері сәйкесінше 312,0-329,0 ц/га және 89,1-94,0 ц/га құрады. Өнімділік көрсеткіштері бойынша жоғары нәтижеге қол жеткізген 6 үлгі ерекшеленді, олар: M-2417, M-2431, M-2432, M-2437, M-2445 және M-2446 сорттық үлгілері, көк шөп өнімі бойынша 322-329 ц/га

және құрғақ шөп өнімі 92,0-94,0 ц/га құрап, стандарт сортынан, сәйкесінше, 13,0 -20,0 ц/га және 3,7-5,7 ц/га жоғары нәтиже көрсетті.

Қорытынды. Зерттелген үлгілерден шаруашылық-бағалы белгілері және құрғақшылыққа және топырақтың сортаңдануына төзімді сорттарын бойынша жоғары көрсеткішке ие болып ерекшеленген (екі орым бойынша) конкурстық питомниктегі үлгілер: М-2404, М-2405, М-2448, М-2449, М-2451, М-2452, М-2453, М-2454 және Көксарай, олар стандарт Ташкент-1 сортынан көк шөп өнімі бойынша 4,0-17,0 ц/га және құрғақ шөп өнімі бойынша 12,4-16,1 ц/га басым түсті.

Әдебиеттер тізімі

1. Өсімдіктер туралы ғылым үшін есептердің бөлігі 29 кітап сериясы (ТАВС, 29 том). Joseph G. Boonman. [1]. Thomson Reuters баспасы.

2. Бурнашева М.А. Вопросы селекции и семеноводства люцерны. - Ташкент: Фан, 1977. - 38 б.